



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 9 сәуір

2017 жылғы 4-тоқсанға арналған Инфляцияға шолуды жариялау туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің www.nationalbank.kz ресми интернет-ресурсында «Ақша-кредит саясаты» бөлімінде 2017 жылғы 4-тоқсанға арналған тоқсан сайынғы «Инфляцияға шолу» басылымын жариялады. Құжатта инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторларды талдау, сондай-ақ қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болашаққа арналған өлшемдердің болжамы қамтылған.

Сыртқы инфляциялық қысымның төмендеуі, валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтануы және әлемдік шикізат нарықтарындағы конъюнктураның оң серпіні аясында 2017 жылғы төртінші тоқсан ішінде теңгенің нығаю үрдісі, сыртқы ауыл шаруашылығы нарықтарындағы негізгі тауар позицияларына бағаның тұрақтылығы инфляциялық процестердің баяулауына ықпал етті.

Ақша-кредит талаптары 2017 жылғы төртінші тоқсан ішінде бейтарап болды. Ақша және кредит нарықтарындағы ахуал Қаржылық орнықтылықты арттыру бағдарламасын іске асыру ықпалында болды. 2017 жылғы қазанда және қарашада Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі 10,25% деңгейінде өзгеріссіз болып қалды. 2018 жылғы қаңтарда мөлшерлеме 9,75%-ға дейін, наурызда – 9,50%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық Банк нарықтың 2018-2019 жылдарға күтулерінің жақсаруы аясында Brent маркалы мұнай бағасының 50 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына дейін артуы бөлігінде экономика дамуының базалық сценарийін қайта қарады. Ұлттық Банктің жаңартылған болжамдарына сәйкес базалық сценарий кезінде нақты ІЖӨ өсуі 2018 жылы 2,9% деңгейінде болады деп күтілуде. Инфляцияның айтарлықтай баяулауының және оның 2018 жылдың қорытындылары бойынша нысаналы 5-7% дәліздің төменгі шегінен шығуының жоғары ықтималдығы бар.

Дезинфляция Қазақстанның саудадағы негізгі әріптес елдердегі жылдық төмен инфляцияға, азық-түліктің әлемдік нарықтарындағы бағаның тұрақты төмен деңгейлеріне, халықтың нақты кірістерінің құлдырауымен, сол сияқты кәсіпорындар өндірісінің рентабельдігіне байланысты үй шаруашылығы мен фирмалардың әлсіз тұтынуы аясында ішкі шығарылымның теріс айырмасының сақталуына байланысты.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz